

**ЦЕНТР СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ –
ФИЛИАЛ ИНСТИТУТА ЭКОНОМИКИ КОМИТЕТА НАУКИ МНВО
РК В Г.АСТАНА
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМ.Л.Н.ГУМИЛЕВА**

**ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ОРТАЛЫҒЫ-ҚР
ҒЖБМ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ ЭКОНОМИКА ИНСТИТУТЫНЫҢ
АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ФИЛИАЛЫ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ASTANA BRANCH OF THE ECONOMICS INSTITUTE
OF COMMITTEE OF SCIENCE OF MSHE RK
L.N. GUMILEV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

**«ЦИФРАНДЫРУДЫ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ
КОММЕРЦИЯНЫҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ОРТАСЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ТРЕНДТЕР, МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ШЕШУ
ЖОЛДАРЫ»**

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

20 ақпан 2024 жыл

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научно-практической конференции

**«РАЗВИТИЕ ЦИФРОВИЗАЦИИ И ФОРМИРОВАНИЕ
ИНСТИТУЦИОНАЛЬНОЙ СРЕДЫ ЭЛЕКТРОННОЙ КОММЕРЦИИ:
ТРЕНДЫ, ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ РЕШЕНИЯ»**

20 февраля 2024 год

WORKS

of the international scientific- practical conference

**«THE DEVELOPMENT OF DIGITALIZATION AND THE
FORMATION OF THE INSTITUTIONAL ENVIRONMENT OF E-
COMMERCE: TRENDS, PROBLEMS AND SOLUTIONS»**

2024, February 20th

Астана 2024

УДК 33:004
ББК 65:32.973
Ц 42

Издается под общей редакцией профессора Азатбек Т.А.

Редакционная коллегия:

Азатбек Т.А. – д.э.н., профессор; Жанбозова А.Б. - PhD, Сиксимбаева Г.Т. – магистр государственного и местного управления.

Ц 42 Цифрландыруды дамыту және электрондық коммерцияның институционалдық ортасын қалыптастыру: трендтер, мәселелері және шешу жолдары = Развитие цифровизации и формирование институциональной среды электронной коммерции: тренды, проблемы и пути решения = The development of digitalization and the formation of the institutional environment of e-commerce: trends, problems and solutions. -Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция/ Международная научно-практическая конференция. – International scientific-practical conference. - Астана: Центр социально-экономических исследований – филиал Института экономики Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, 2024. 378 с.- қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде.

ISBN 978-601-215-232-6

В сборник включены научные доклады отечественных и зарубежных экономистов-исследователей, вузовских работников, специалистов-практиков, докторантов и магистрантов, представленные на международной научно-практической конференции «Развитие цифровизации и формирование институциональной среды электронной коммерции: тренды, проблемы и пути решения». Конференция проведена в рамках реализации научных исследований по проекту грантового финансирования МНВО РК «Формирование институциональной среды рынка электронной коммерции в Казахстане, ее оценка и разработка механизма развития» (ИРН: AP14871419).

Материалы и рекомендации конференции предназначены для практического использования субъектами бизнеса, государственными органами, научными работниками, преподавателями и обучающимися высших учебных заведений.

Жинаққа «Цифрландыруды дамыту және электрондық коммерцияның институционалдық ортасын қалыптастыру: трендтер, мәселелері және шешу жолдары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына ұсынылған отандық және шет елдік экономист-зерттеушілердің, жоғарғы оқу орындары қызметкерлерінің, маман-практиктердің, докторанттардың және магистранттардың ғылыми баяндамалары мен ұсыныстары енгізілген. Конференция ҚР ҒЖБМ «Қазақстандағы электрондық коммерция нарығының институционалдық ортасын қалыптастыру, оны бағалау және дамыту тетігін әзірлеу» гранттық қаржыландыру жобасы бойынша (ЖТН: AP14871419) ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру шеңберінде өткізілді.

Конференцияның материалдары мен ұсыныстары бизнес субъектілерінің, мемлекеттік органдардың, ғылыми қызметкерлердің, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттерінің тәжірибелік пайдалануына арналған.

The collection includes scientific reports by domestic and foreign economists-researchers, university employees, practitioners, PhD students and undergraduates, presented at the international scientific and practical conference «Development of digitalization and the formation of an institutional environment for e-commerce: trends, problems and solutions».

The conference was held as part of the implementation of scientific research under the grant funding project of the MSHE RK «Formation of the institutional environment of the e-commerce market in Kazakhstan, its assessment and development of a development mechanism» (IRN: AP14871419).

УДК 33:004
ББК 65:32.973

© «Институт экономики» Центр социально-экономических исследований – филиал в г. Астана, 2024

трансформировать традиционные бюрократические организации в более гибкие адаптивные структуры [1].

Список литературы:

1. Кадры для цифровой трансформации государства. 09.03.2022. Канал финансового портала Finance.kz. Все о финансах в Казахстане.- [Электронный ресурс].- URL:

https://finance.kz/articles/kadry_dlya_tsifrovoy_transformatsii_gosudarstva-7326

(дата обращения 01.02.2024 г.).

2. Концепция новой модели государственной службы Республики Казахстан. Указом Президента Республики Казахстан от 21 июля 2011 года № 119. [Электронный ресурс].- URL: www.online.zakon.kz. (дата обращения 01.02.2024 г.).

3. Кульжамбекова А. Е., Сулейменова Г. К. Мониторинг кадров государственной службы.- [Электронный ресурс].- URL: <http://anticorruption.gov.kz/> (дата обращения 01.02.2024 г.).

4. Система кадровой работы в государственных органах Республики Казахстан. Астана, 2014. 209 с.

5. Узакбаева А., Абдимомынова А. Ш. Региональное антикризисное управление: теоретический аспект. Молодой ученый. № 7 (87), апрель-1 2015 г. С. 505–508.

«ЦИФРЛЫҚ КЕДЕН»: ҚР АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Б. Қ. Сапиолдаева

студент бакалавриата

Е.М.Әбенев

PhD докторы, доцент

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

Бүгінгі таңда цифрлық кеден қазіргі заманғы халықаралық трендтердің біріне айналды. ХХІ ғасырдың басынан бастап әлемнің барлық дерлік елдерінің кеден қызметтері сыртқы сауда операциялары санының бұрын-соңды болмаған өсуімен бетпе-бет келді. Бұл кезде қолданыстағы кедендік бақылауды жүзеге асырудың қазіргі тетіктері жеткілікті тиімді емес екендігі және одан әрі жетілдіруді қажет ететіні бәріне түсінікті болды. Осыған байланысты көптеген елдердің кеден қызметтері қалыптасқан қағаз жүйесінен озық цифрлық технологияларды енгізу есебінен электрондық жүйеге көшуді мақсат етіп қойды.

Цифрлық кеден дегеніміз қарапайым сөзбен айтқанда халықаралық саудадағы тауарлардың үздіксіз ағынын жеңілдету үшін кедендік баждарды, құжаттар мен деректерді жинау, ұйымдастыру және басқару үшін бағдарламалық жасақтаманы пайдалануды қамтиды.[1]

Кедендік цифрландыру мынадай мүмкіндіктер береді:



Ескерту – автормен құрастырылған.

1 – сурет - Кедендік цифрландыру артықшылықтары.

– Жылдамдық: транспорттың келуін және ондағы жүктерді ұйымдастырылған және құрылымдалған ағынды бағалаудың орнына, ақпарат кеденге сандық түрде алдын ала беріледі. Бұл процесті жылдамдатуға көмектеседі. Сондай-ақ белгілі бір деректер болмаған жағдайда немесе кеден тарапынан қосымша сұрақтар туындаған жағдайда көмектесе алады, осылайша барлық жетіспейтін немесе дұрыс емес деректерді уақтылы түзетуге болады.

– Тиімділік: кедендік цифрландыру құжат жүйесін құрылымдалғанға өтуге көмектеседі. Бұл жеткізілім тізбегіндегі әртүрлі құжаттарға қолмен қайта-қайта енгізудің орнына негізгі ақпаратты қайта пайдалануға мүмкіндік береді және қағазбастылықты азайтады.

– Тәуекелдерді басқару: қажетсіз тексерулер шығындар мен үлкен кідірістерге әкеледі. Цифрлық құралдар арқылы тәуекелдерді дәлірек басқаруды қамтамасыз ету үшін кеденге көбірек деректерге ертерек қол жеткізуге мүмкіндік бар.

– Дәлдік: кедендік цифрландыру қателіктер мен сәйкессіздіктерді жоя отырып, деректердің үлкен біркелкілігін қамтамасыз етеді. Мысалы, егер кейбір құжаттар қате түрде жүк орнының басқа салмақ мәнін көрсетсе немесе тауар сәл басқаша сипатталса, бизнес тексерулерге, кідірістерге немесе қымбат айыппұлдарға әкелетін деректерге сәйкес келмейтін құжаттарды кеденге жіберу қаупі бар.

– Толық бақылау: бұл ашықтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға мүмкіндік береді.


Қазіргі уақытта кеден әкімшіліктері цифрлық технологияларды негізгі үш бағыт бойынша енгізуде: кедендік әкімшілендіру шеңберінде (мысалы, кедендік ресімдеу жүйелері және жүкті бақылау құрылғылары сияқты басқа да жүйелер мен электрондық құрылғылар); кедендік ақпараттық-коммуникациялық технология (акт) жүйесі мен басқа ұлттық тараптардың акт жүйелері арасында

кедендік деректермен алмасу; сондай-ақ, кеден әкімшілігі мен шетелдік серіктестер арасында.

Цифрлық технологияларды енгізу – толығымен цифрлық кеденге айналуы білдірмейді. Ол үшін белгілі бір деңгейлерден өту қажет.

2-суретте көрсетілгендей, кеден әкімшілігінде акт енгізудегі прогресс үш сатылы «көзқараспен» анықталады: зияткерлік кедендік ресімдеу, тәуекелдерді тиімді басқару және тиімді бақылау. Ол сондай-ақ екі сатылы саясат құралдарымен қамтамасыз етіледі: қауіпсіздік және деректерді қорғау және бизнестің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспары. Цифрлық технологияларды енгізу – бұл ұлттық басымдықтарға, саяси ойларға және әрбір кеден әкімшілігінде ресурстардың болуына негізделген үздіксіз процесс екенін түсіну маңызды. Кедендік әкімшілендіруді цифрлық жетілуінің алты кезеңі бар және көптеген елдер алғашқы екі кезеңдерде қиындақтарға тап болады.

Акт кеден әкімшілігінде 1980 жылдардан бері қолданылып келеді. Айтарлықтай прогреске қол жеткізілді, бірақ АКТ технологиялары толық пайдаланылмайтын кедендік басқарудың көптеген аспектілері әлі де бар. Мысалы, акт жүйелері көбінесе шектеулі көлемде, ең алдымен кедендік ресімдеуді автоматтандыру үшін қолданылады. Кедендік рәсімдеуден басқа, АКТ басқарушылық шешімдер қабылдауды қолдау үшін қолданылуы мүмкін және қолданылуы керек, бұл институционалды модернизациялау үшін АКТ-ға инвестициялардың мәні болып табылады, бірақ дамушы елдердің кеден әкімшіліктері бұл салада АКТ-ны аз ғана пайдаланады.



[2] мәліметтер негізінде автормен құрастырылған.
2-сурет – Цифрлық кеденнің жетілу моделі. Ескерту.

Қазақстанда электрондық кедендік декларациялау жүйесін әзірлеу жөніндегі бастапқы алғышарттар 2015 жылы «100 нақты қадам» Ұлт

Жоспарының 38-қадамы шеңберінде пайда болды. Содан кейін, «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің шеңберінде кеден органдарының лауазымды адамдарының осы процеске нақты қатысуын қоспағанда, ақпараттық жүйелер мен қазіргі заманғы ІТ технологияларды пайдалана отырып, кеден органдарының кедендік операцияларды іске асыруы үшін нормативтік-құқықтық негіз әзірленді [3].


Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің «АСТАНА-1» ақпараттық жүйесін пайдаланудың басталуымен жүк туралы алдын ала ақпарат беру, тәуекелдерді басқару жүйесін (ТБЖ) пайдалану, тауарларға транзиттік декларацияларды ресімдеу, тауарларды уақытша сақтау қоймаларында сақтаудан бастап, тауарларды бақылауды жүргізуге дейінгі барлық кедендік процестерге автоматтандырылған бақылау жүргізу мүмкіндік пайда болды.

«АСТАНА-1» көпфункционалды және кешенді жүйе болғандықтан, оны енгізу кезең-кезеңімен жүзеге асырылған болатын:

- 2017 жылғы 1 қазаннан бастап «кедендік транзит» кіші жүйесі іске қосылды, бұл шекарадағы өткізу пунктінде барлық кедендік операциялардың жасалуын қамтамасыз етті. Айқын артықшылығы – тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша алдын ала талдау жүргізілетін және соған сайақпаратты қалыптастыру мүмкіндігі. Тиісінше, тауарлар келген кезде бақылау ең аз уақытта жүргізіледі.

- 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап «экспорт» кедендік рәсімі бойынша «кедендік декларациялау» кіші жүйесі іске қосылды.

- 2018 жылдың 1 сәуірінен бастап қалған кедендік рәсімдер бойынша «кедендік декларациялау» кіші жүйесі іске қосылды.[4]



Ескерту – [5] мәліметтер негізінде автормен құрастырылған.

3-сурет- «АСТАНА-1» ақпараттық жүйесінің жұмыс істеу тәртібі.

Жүйеде тауарларға арналған транзиттік декларациялар жасалынады. Нәтижесінде декларация 4 дәліздің біріне жіберіледі:

1. «Жасыл дәліз»: тәуекелдер анықталмаған декларациялар жіберіледі. Мұндай мәлімдемелер автоматты түрде, лауазымды тұлғалардың қатысуынсыз шығарылады

2. «Көк дәліз»: декларациялар тауарлар шығарылғаннан кейін кедендік бақылауға жіберіледі. Бұл дәлізде тауарлардың автоматты түрде шығарылуы қамтамасыз етіледі.

3. «Сары дәліз»: декларациялар тауарларды рәсімдеу сатысында құжаттамалық бақылауға жіберіледі.

4. «Қызыл дәліз»: декларациялар кедендік рәсімдеу сатысында жеке бақылауға (кедендік сараптама, тексеруге) жіберіледі.[5]

Бірыңғай технологиялық платформа нәтижесінде кедендік рәсімдердің жеделденуі және оңтайландыру дәрежесі артып, уақыт және қаржылық шығындар азаюмен қатар жүйенің ашықтығы қамтамасыз етілді.

Кейіннен сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың жұмысын жеңілдету мақсатында 2019 жылы 27 наурызда пилоттық режимде экспорттық-импорттық операциялар бойынша «Бірыңғай терезе» порталы пайдалануға берілді. Порталда электрондық лицензиялар және рұқсат қағаздар, электрондық кеден, кедендік шешімдер, анықтамалар мен тіркелімдер, «Астана-1», тарифтер, заңнама және ережелер, электрондық қызметтер бойынша операциялар бір жүйеге біріктірілген. Бұл қатысушыларға өз өтініштерін қанағаттандыруда өте қолайлы жағдай жасады.

Сонымен қатар, 2022 жылғы 23 қарашада Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті кедендік шекарадағы 12 өткізу пунктінде электрондық кезектің автоматтандырылған жүйесінің пилоттық жобасы іске қосылды. Пилоттық жоба Qoldau.kz сайтында және «cargoruqsat» мобильді қосымшасында іске қосылды. Электрондық кезек жүйесін құрудың мақсаты көлік құралдарының, жүктер мен тауарлардың өткізу пунктіне кіру кезектілігін қалыптастыру процесінің ашықтығы мен цифрландырылуын қамтамасыз ету болып табылды.

Сонымен қатар, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекет тасымалдаушылардан электрондық кезекті ресімдегені үшін ақы алатын болды. «CarGoRuqsat» сервисі арқылы ресімдеу құны 1 АЕК (3692 тг) құрады. Сондай-ақ, бизнестің қатысуымен икемді тарифтеу енгізілді. Ол тасымалдаушыға кезектен тыс немесе жеделдетілген жол жүруді пайдалануға мүмкіндік береді, оның құны 100 АЕК (369200 тг) құрайды. [6]

Атқарылған жұмыстар негізінде Қазақстанның 2-суретте көрсетілген «цифрлық кеденнің» жетілу моделіне сәйкес 5 деңгей бойынша талаптарды ішінара және жартылай орындалғанын атап өтуге болады. Әрине, орындау қарқыны жоғары болғанымен сапасы жағынан көңіл толарлықтай емес. Соған сәйкес кеден жүйесіне жыл сайын жаңа технологиялар енгізіліп, жаңа бағдарламалар мен жүйелер енгізіліп жатқанына қарамастан түсіп жатқан шағымдар саны күннен күнге артуда. Соның ішінде негізгілерін қарастырып өтетін болсақ:

– Тексеру және кедендік бақылау жүргізу кезіндегі негізсіз талаптардың орын алуы. «Астана-1» ақпараттық жүйесі арқылы берілген декларацияның басым бөлігі негізсіз түрде «сары», «көк» дәліздерге жіберіледі. Соның нәтижесінде қатысушылар орта тәуекел тобына түсіп, негізсіз тексеруден өтуге мәжбүр болады. Сонымен қатар, жауапты органдар тексеруді кедендік бақылау аймағына тауар кедендік бақылау жүргізу үшін түскенге дейінгі уақытта жүргізілмейді.

– Тәуекелдердің бағалық индикаторларының қатысты ақпараттардың қол жетімсіздігі. Нәтижесінде қатысушылар уақыт үнемдеу мақсатында кеден қызметкерлері тарапынан қойылған кедендік құнға келісуге мәжбүр болады. Осы себептен негізсіз қосымша кедендік төлемдер есебінен тауар соңғы тұтынушысына жеткенде өзінің құнынан бірнеше есе артық бағаға сатылады.[7]

– Бағдарлама мен жүйелердің дұрыс жұмыс жасамауы. Сайт, телефон қосымшаларында базалардың үнемі дұрыс жасамауы, қатысушылар тарапынан үлкен наразылық тудыруда.

– «CarGoRuqsat» сервисі арқылы электрондық кезекте тұрудағы олқылықтар. Электрондық кезектегі орындарды алып-сатарлар алдын ала брондап, қатысушыларға қымбат бағаға сатуда. Ал қатысушылар тіркелген кезек 2-9 айда келеді. Сонымен қатар сервис жүйесінде тез бұзылатын тауарлар яғни, жеміс, көкөністерді бойынша жағдайлар қарастырылмаған. Оларға Қазақстанға кіргізу үшін басқа кезек сатып алу қажет ал құны 3000-5000\$ аралығында. Еліміздегі жеміс, көкөніс бағаларының қымбат болуының бір себебі осы десе де болады.

Сыбайлас жемқорлықтың бір дәлелі ретінде Қазақстанның тауар айналымының статистикалық деректерін ЕАЭО-ға кірмейтін елдермен салыстыруда Қазақстанның Азия, Еуропа және АҚШ елдерімен сыртқы сауда статистикасындағы елеулі сәйкессіздіктерді көрсетті. «Transparency Kazakhstan» қорының зерттеу нәтижелері бойынша кедендік баждарға Қазақстанға әкелінетін тауарлардың тек 10-45% - ы ғана салық салынады, бұл мемлекеттік бюджеттің орасан зор шығындарына алып келеді.[6]

Кедендік әкімшілендіруде орын алып жатқан мұндай жағдайлар көлеңкелі бизнесті қалыптастырды және еліміздің қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін. Сондықтанда қалыптасқан жүйені жетілдіру, аталған мәселелерді шешу мен болашақтағы тәуекелдердің алдын алуда кедендік жүйеде дамыған елдер тәжірибесінде тексерілген цифрлық технологияларды пайдалануды ұсынамыз:

1-кесте - Кеден алдында тұрған негізгі тәуекелдер мен қауіптер және цифрлық технологиялардың әлеуеті

Тәуекелдер мен қауіптерге әкелетін сыртқы факторлар	Цифрлық технологияларды пайдалану мүмкіндіктері	Мысалдар
---	---	----------

Халықаралық сауданың көлемі мен күрделілігінің артуы: мысалы, еркін сауда туралы келісімдердің таралуы тауарларды шығарудың күрделі преференциялық ережелері	Жоғары	Веб-интерфейсті қолдайтын еркін сауда серіктестері арасында сенімді электронды құжаттармен алмасу
Жаңа бизнес-модельдер мен талаптар: Электрондық коммерция және шағын сәлемдемелер: тауарларды шекарадан өткізудің және сауданы қаржыландырудың инновациялық әдістері; криптовалюта; салық базасын бұзу және салық салудан түскен пайданы алу	Жоғары	Токенизацияны қолдану. (бұл құпия деректерді токен деп аталатын бірегей идентификаторға ауыстыру процесі.) Мысалы, дәстүрлі банктерден басқа шағын және орта бизнесті (ШОБ) қаржыландырудың көбірек нұсқаларын ашу үшін төленбеген шоттар.
Қауіпсіздікке төнген қауіптер мен ұйымдасқан қылмыс: терроризм: пандемия; заңсыз әрекет; баждар мен салықтардан жалтару арқылы террористер мен ұйымдасқан қылмысты қаржыландыру: трансшекаралық салықтық алаяқтық; есірткі контрабандасы. тыйым салынған тауарлар	Жоғары	Машиналық оқытуды (ML) /жасанды интеллектті (AI) қолдану, мысалы, сандық сәйкестендіруді қосу, профильдеу мен мақсатты жақсарту, мазмұн мен трафик деректерін ұстау, криминалистикалық талдау, алаяқтық бағдарламалық жасақтаманы анықтау, қадағалау және жою.
Шекараға жаңа қадам: шекараны бақылаудың жаңа шаралары; санкцияланған экономикалық операциялар бастамалары;	Жоғары	Үйлестірілген шекараны басқаруды жақсарту үшін интрузивті емес скрининг (NI) технологияларын, қарапайм интернет (IOT) құрылғыларын (дрондар, сенсорлар, GPS) және биометрияны пайдалану
Қоғам тарапынан әртараптандырылған бақылау талаптары: сыбайлас жемқорлықпен күрес, теңдік, денсаулық сақтау, биоқауіпсіздік, фауна және флора, экологиялық проблемалар.	Орташа - Жоғары	Қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қағазсыз сауда платформаларын (бір терезе, порт қауымдастығы жүйесі) және әлеуметтік медианы, чатботтарды пайдалану
Табыс алаяқтығының өсуі: баждар мен салықтарды төлеуден жалтаруға байланысты қауіптер	Орташа-жоғары	Үлкен деректерді дәл жіктеу және бағалау үшін жасанды интеллект және алаяқтықты анықтау деректерді интеллектуал-ды талдауды қолданыңыз:
Ескерту – [2] деректер негізінде автормен құрастырылған		

Жоғарыда аталған цифрлық технологияларды пайдалану қазіргі мәселердің салдарымен қатар болашақ тәуекелдердің алдын ала отырып Қазақстанның кеден жүйесінің «цифрлық кеденге» ауысуын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Осылайша қатысушылар тарапынан сұратылған қызметтердің барлық қажетті спектрін алған кезде ең аз қолайсыздықтарға тап болатындай етіп

жаңғыртуды қамтамасыз ететді. Сонымен қатар, жоғарғы органдар тарапынан бақылауды жүзеге асырып отыру өте маңызды. Бұл сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда үлкен септігін тигізеді.

Қорытындылай келе, болашақта цифрлық технологияларды пайдалану жалпы әлемдік тұрақсыздықтың қазіргі жағдайында кеденге мемлекет алға қойған барлық мақсаттарға қол жеткізудің негізгі тетіктерінің біріне айналдыруға мүмкіндік береді айдан анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ресми сайттың ақпараты.- [Электрондық ресурс] URL: <https://www.freights21.com/post/digital-customs-trade> (қолданылған күні 16.01.2024)
2. Аугусто А., Перес Аскаррага, Тадацугу Мацудайра, Жиль Монтанья-Рантье, Янош Надьи, Р.Джеймс Кларк. Таможенные вопросы Совершенствование таможенного администрирования в меняющемся мире .- [Электрондық ресурс] URL: <https://www.elibrary.imf.org/display/book/9798400200120/CH007.xml> (қолданылған күні 16.01.2024)
3. Ж.К. Кегенбеков, А.В. Змановский. Пути совершенствования системы электронного таможенного декларирования в Казахстане. Научные проблемы водного транспорта / Russian Journal of Water Transport №66(1), 2021.- [Электрондық ресурс] URL: puti-sovershenstvovaniya-sistemy-elektronnogo-tamozhennogo-deklarirovaniya-v-kazahstane.pdf (қолданылған күні 16.01.2024)
4. Ресми сайттың ақпараты.- [Электрондық ресурс] URL: <https://cdb.kz/sistema/novosti/preimushchestva-elektronnogo-deklarirovaniya-tovarov-cherez-is-astana-1/> (қолданылған күні 16.01.2024)
5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің ресми сайты. - [Электрондық ресурс] - URL: <https://kgd.gov.kz/kk/section/tamozhennoe-oformlenie> (қолданылған күні 16.01.2024)
6. «Ақ жол» демократиялық партисының ресми сайты. - [Электрондық ресурс] -URL: <https://akzhol.kz/ru/initiated-bills/ak-zhol-trebuuet-priniat-mer-po-obespecheniiu-prozrachnosti-v-tamozhennom-administrirovanii> (қолданылған күні 16.01.2024)
7. Ресми сайттың ақпараты.- [Электрондық ресурс] - URL: https://forbes.kz//process/businessmen/npp_rk_atameken_deystviya_tamojni_protivo_rechat_zakonu_i_vedut_k_rostu_tsen? (қолданылған күні 16.01.2024)